

Қаржы мониторингі органдарының жедел-тергеу бөлімшелерінің (экономикалық тергеу қызметі) кадр резервін, кадр резервіне қойылатын қызметкерлердің біліктілігіне қойылатын талаптарды және кадр резервіне қойылған қызметкерлердің ведомстволық деректер банкімен жұмысты жүргізу дің қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 728 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 31 желтоқсанда № 12787 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 6 қаңтардағы № 6 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 06.01.2022 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы қаңтардағы Заңының 34-бабының 10-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Қаржы мониторингі органдарының жедел-тергеу бөлімшелерінің (экономикалық тергеу қызметі) кадр резервін, кадр резервіне қойылатын қызметкерлердің біліктілігіне қойылатын талаптарды және кадр резервіне қойылған қызметкерлердің ведомстволық деректер банкімен жұмысты жүргізу дің қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (Д.Е. Ерғожин) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін Қазақстан

Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлік
2015 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 728 бұйрығымен
бекітілген

Мемлекеттік кірістер органдарының жедел-тергеу бөлімшелерінің (экономикалық тергеу қызметі) кадр резервін қалыптастыру, кадр резервіне қойылатын қызметкерлердің біліктілігіне қойылатын талаптарды және кадр резервіне қойылған қызметкерлердің ведомстволық деректер банкімен жұмысты жүргізудің қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қаржы мониторингі органдарының жедел-тергеу бөлімшелерінің (экономикалық тергеу қызметі) кадр резервін қалыптастыру, кадр резервіне қойылатын қызметкерлердің біліктілігіне қойылатын талаптарды және кадр резервіне қойылған қызметкерлердің ведомстволық деректер банкімен жұмысты жүргізудің қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Құқық қорғау қызметі туралы" 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 34-бабының 10-тармағына сәйкес әзірленді және Қаржы мониторингі органдарының жедел-тергеу бөлімшелерінің (экономикалық тергеу қызметі) (бұдан әрі – ЭТК) кадр резервін қалыптастыру, кадр резервіне қойылатын қызметкерлердің біліктілігіне қойылатын талаптарды және кадр резервіне қойылған қызметкерлердің ведомстволық деректер банкімен жұмысты жүргізудің тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – КР Қаржы министрлікінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. ЭТК кадр құрамын қалыптастыру, ЭТК-ғы басшы лауазымдардың жинақталуын қамтамасыз ету мақсатында ЭТК кадр резерві құрылады.

3. Қызметкердің кадр резервінде болу мерзімі үш жыл. Кадр резервіне қойылған, бірақ оларға жоспарланған лауазымға кадр резервінде болу кезеңінде

тағайындалмаған адамдар, қайтадан ортақ негізdemелерде кадр резервіне қойылуы мүмкін.

4. Бос басшы лауазымына ЭТҚ кадр резервінде тұрған қызметкер орналастырылады. Кадр резервінде тұрған қызметкер ұсынылған бос лауазымнан бас тартқан кезде, оған атtestаттау нәтижелері немесе кадрларды іріктеу бойынша басқа қызметкер орналасады.

2. Кадр резервін қалыптастырудың тәртібі

5. ЭТҚ кадр резерві атtestаттау нәтижелері бойынша басшы лауазымына немесе үлкен көлемді жұмысқа орналасуға ұсынылған қызметкерлер, сондай-ақ қызметтік міндеттерін атқару кезінде не арнайы тапсырмаларды орындау кезінде ұйымдастыруышлық қабілеттерін көрсеткен адамдар қатарынан кейіннен бос басшы лауазымға орналасу үшін жоспарлы негізде қалыптастырылады.

6. Кадр резервін қалыптастыру және онымен жұмысты ұйымдастыру үшін жауапкершілік құқық қорғау қызметіне жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитеті (бұдан әрі – Комитет) төрағасының орынбасарына, ал аумақтық органдар бойынша - құқық қорғау қызметіне жетекшілік ететін облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша (бұдан әрі – аумақтық) экономикалық төргеу департаменттері басшыларының орынбасарларына, сондай-ақ қаржы мониторингі органдарының Ішкі әкімшілендіру басқармасына (бұдан әрі – кадр қызметі) жүктеледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құntізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Кадр резервін қалыптастыру көздері:

1) Комитеттің немесе аумақтық органдардың атtestаттау комиссиясының шешімі бойынша кадр резервіне қою туралы ұсыным;

2) қызметтік міндеттерін атқару кезінде не арнайы тапсырмаларды орындау кезінде ерекше көзге түсken қызметкерлерді жеке және іскерлік қасиеттерін және осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша олардың қызметтік жұмысының нәтижелерін зерделеу және бағалау негізінде құқық қорғау қызметіне жетекшілік ететін Комитет төрағасының орынбасарына, Комитеттің департаменттер директорларына, дербес басқармаларының және аумақтық органдарының басшыларына кадр резервіне қою үшін ұсыным болып табылады.

8. Кадр резервіне қою үшін кандидаттарды іріктеу үш жылда бір рет жүргізіледі.

9. Кадр резервіне қою үшін кандидаттарды іріктеу кезінде мыналар ескеріледі :

- 1) ұсынылып отырған лауазымға орналасу үшін көзделген біліктілік талаптарына сәйкес келуі;
- 2) қызметкердің бөсекеге қабілеттілік көрсеткіші;
- 3) қызметкердің қызметін бағалау нәтижелері;
- 4) ұсынылып отырған қызмет түрі бойынша тиісті кәсіби даярлық пен жұмыс тәжірибесінің болуы;
- 5) тиісті басшылар санатының қызметін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді білуі;
- 6) кәсіптік қайта даярлау және біліктілігін арттыру нәтижелері;
- 7) тәртіптік және (немесе) әкімшілік жазалардың болуы.

10. Қызметкердің кадр резервіне қойылуы оның өтінішінің негізінде жүзеге асырылады.

11. Кадр резервіне кандидаттарды сапалы іріктеу және қою туралы ұсынымдық қорытындыны дайындау мақсатында кадр резервіне қою немесе одан шығару жөніндегі комиссия құрылады.

12. Кадр резервіне қою бойынша комиссияның (бұдан әрі - комиссия) құрамы :

- 1) Комитет үшін Комитет төрағасының бұйрығымен;
- 2) аумақтық органдар үшін аумақтық органдары басшыларының бұйрығымен бекітіледі.

Комиссия төрағасы мен оның мүшелері кадр резервіне қосуға жататын қызметкерлерге қарағанда, аса жоғары лауазымды атқаруы тиіс.

13. Комиссия отырысы кадр резервіне қою үшін ұсынымдардың және аттестаттау комиссиясы шешімдерінің келіп түсіне қарай, бірақ жылына бір реттен артық емес өткізіледі.

14. Кадр қызметі, кандидаттардың кадр резервіне қою үшін келіп түскен материалдарын біліктілік талаптарға сәйкес келуіне қарап, оларды қарастыру үшін отырысты өткізгенге дейін кем дегенде күнтізбелік он күн қалғанға дейінгі мерзімде комиссияға жолдайды.

15. Комиссия шешімді ашық дауыс беру арқылы қабылдайды және отырыска қатысқан комиссия мүшелерінің санынан басым көпшілігі оған дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда, Комиссия төрағасы дауыс берген шешім қабылданған деп саналады.

Комиссия хатшысының дауыс беру құқығы жок.

Комиссияның шешімі комиссияның барлық мүшелері, оның отырысына қатысушылар және хатшы қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

16. Лауазымдардың тиісті санаттары бойынша кадр резервінің тізімі осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша Комитет төрағасының немесе аумақтық қаржы мониторингі органдары басшыларының бұйрығымен бекітіледі.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

17. Мынадай жағдайларда қызметкерлер кадр резервіне қойылмайды:

1) қарамағында болған кезде лауазымға тағайындалғанға дейін;

2) алынбаған тәртіптік және (немесе) әкімшілік жазасы болғанда;

3) қайта аттестаттаудан өту кезінде атқарып отырған лауазымға сәйкестігі туралы мәселені шешкенге дейін;

4) ақталатын негіздер бойынша қылмыстық істі қысқартқанға дейін;

5) актау үкімі заңды күшіне енгенге дейін;

6) қызметтік тергеу аяқталғанға дейін.

3. Кадр резервінен шығару

18. Кадр резервінен шығарудың негіздемелері мыналар болып табылады:

1) қызметкердің бос басшы лауазымына орналасуы;

2) кадр резервінде болу мерзімінің өтуі;

3) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін қызметкерге, сондай-ақ қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту, атқаратын лауазымынан босату немесе біліктілік сыныбында бір сатыға төмендеу түрінде тәртіптік жаза салынғанда;

4) қызметкердің бұдан әрі қызмет өткериуі үшін басқа құқық қорғау органына іссапарға жіберілуі;

10) қызметтен кетуі.

19. Кадр қызметі қызметкерлерді бүйрық шығарылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде кадр резервінен шығарылғаны туралы шешіммен таныстырады.

20. Қызметкер оның кадр резервінен шығарылғаны туралы шешіммен келіспеген кезде осы шешімді жоғары тұрған тұлғага немесе сотқа шағымдануға құқылы.

4. Кадр резервіне қойылған ЭТК қызметкерлерінің ведомстволық деректер банкімен жұмыс тәртібі

21. Кадр қызметі қалыптастырылған ведомстволық деректер банкі арқылы кадр резервіне қойылған немесе одан шығарылған қызметкерлердің есебін жүргізеді.

22. Ведомстволық деректер банкі есептеу техника құралдарын пайдаланумен автоматтандырылған ақпараттық жүйелер негізінде, сондай-ақ қағаз және

электрондық тасымалдағыштарында құжаттамалық материалдарды жинақтау жолымен қызмет етеді.

23. Кадр резерві туралы ақпарат "e-Қаржымин" интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кадрлық әлеуетін басқару, кадр құрамы бойынша есептерді қалыптастыру және ұсыну" кіші жүйесінде жинақталады, онда кадр резервіне қойылған қызметкер туралы мынадай мәліметтер бар:

- 1) қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);
- 2) тұған күні, айы, жылы;
- 3) ұлты;
- 4) атқарып отырган лауазымы, біліктілік сыныбы;
- 5) білімі, ғылыми дәрежесі;
- 6) құқық қорғау органдарындағы еңбек сінірген жылдары;
- 7) шет тілдерін білуі;
- 8) қызметкер кадр резервінде тұрған бөлімшениң атауы;
- 9) кадр резервінде тұрған қызметкер тағайындалуға үміттеніп тұрған басшы лауазымынан санаты мен атауы;
- 10) қызметкердің кадр резервіне қойылу мерзімдері.

24. Кадр қызметі ведомстволық деректер банкін Комиссияның әрбір отырысынан кейін жаңартады.

Қаржы мониторингі
органдарының жедел-тергеу
бөлімшелерінің
(экономикалық тергеу қызметі)
кадр резервін қалыптастыру,
кадр резервіне қойылатын
қызметкерлердің біліктілігіне
қойылатын талаптарды және
кадр резервіне қойылған
қызметкерлердің ведомстволық
деректер банкімен жұмысты
жүргізуіндің қағидаларына

1-қосымша

Ескеरту. 1-қосымшаның оң жақ бұрышы жаңа редакцияда – КР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

Кадр резервіне қою туралы

ҰСЫНЫМ

1. Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) _____
2. Тұған күні, айы, жылы және жері _____

3. Жынысы _____

4. Ұлты _____

5. Білімі, мамандығы, біліктілігі _____

6. Фылыми дәрежесі, фылыми атағы _____

7. Лауазымы, тағайындалған күні _____

8. Бар біліктілік сыныбы, оны белгілеу туралы бұйрықтың күні
және нөмірі, есептеу күні _____

9. Қызметкердің кәсіби, іскерлік және жеке қасиеттерін,
сондай-ақ қызметтік жұмысының сандық өлшемді көрсеткіштерін көрсете
отырып, қысқа мінездемесі: _____

10. _____

лауазымға кадр резервіне қойылуға ұсынылады.

Кадр резервіне қою мүмкіндігін болдырмайтын негіздемелер жоқ
(қарамағында болған кезде лауазымға тағайындалғанға дейін, алынбаған
тәртіптік және (немесе) әкімшілік жазасы болғанда, қайта
аттестаттаудан өту кезінде атқарып отырған лауазымға сәйкестігі
туралы мәселені шешкенге дейін, ақталатын негіздер бойынша қылмыстық
істі қысқартқанға дейін, ақтау үкімі заңды күшіне енгенге дейін,
қызметтік тергеу аяқталғанға дейін қызметкерлер кадр резервіне
қойылмайды)

(басшының лауазымы, қолы, тегі, аты, әкесінің аты

(ол болған кезде))

(ішкі қауіпсіздік бөлімшесі басшының лауазымы, қолы, тегі, аты,

әкесінің аты (ол болған кезде))

201 ____ ж. "____"

Қаржы мониторингі
органдарының жедел-тергеу
бөлімшелерінің
(экономикалық тергеу қызметі)
кадр резервін қалыптастыру,
кадр резервіне қойылатын
қызметкерлердің біліктілігіне
қойылатын талаптарды және
кадр резервіне қойылған

қызметкерлердің ведомстволық
деректер банкімен
жұмысты жүргізуудің
қағидаларына
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаның оң жақ бұрышы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан
"Бекітемін"

(тізімді бекітетін тұлғаның лауазымы,
тегі (ол болған кезде), аты-жөні және
қолы, күні)

Кадр резервіне енгізілген қызметкерлердің тізімі

№ р/с	Басшы лауазымның атауы	Резервтегі адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)	Атқарып отырган лауазымы	Тұған күні, айы, жылы	Біліктілік сыныбы	Атқарып отырған лауазымдағы өтілі	Күкік корғау органдарындагы өтілі	Лауазымға тағайындағаны немесе кадр резервінен шығарылғаны туралы белгі және негіздеме
2	3	4	5	6	7	8	9	

Қолы _____
(тізімді жасаған тұлғаның лауазымы,
тегі, аты-жөні және қолы)